«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры»
акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің 2015
жылғы 26 наурыздағы № 91 шешіміне
№ 13 қосымша

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры»
акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің 2015 жылғы
26 наурыздағы № 90 шешімімен
МАҚҰЛДАНДЫ

«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ҚОРЫ» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ 2014 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Астана қаласы, 2015

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ
1.1. Директорлар кеңесінің құрамы
1.2. Директорларды іріктеу өлшемдері және лауазымға ұсыну рәсімі
1.3. Директорлар тәуелсіздігінің өлшемдері
1.4. Директорларға сыйақы төлеу
1.5. Директорлар кеңесінің қызметін бағалау
1.6. Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру
1.7. Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларын иелену туралы ақпарат
1.8. Мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына шығару рәсімі

2. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 2014 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ
2.1. Директорлар кеңесі отырыстарының саны және мүшелерінің отырыстарға қатысуы
2.2. Директорлар кеңесінің күн тәртібіне ұсыныстар енгізу рәсімі
2.3. Директорлар кеңесі 2014 жылы қараған негізгі мәселелер
2.4. Корпоративтік басқаруды жетілдіру
2.5. Жалғыз акционердің пікірін ескеру бойынша Директорлар кеңесінің шаралар қабылдауы
2.6. Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметі
2.6.1. Директорлар кеңесі Аудит жөніндегі комитетінің 2014 жылғы қызметі
2.6.2. Директорлар кеңесі Тағайындау және сыйақы комитетінің 2014 жылғы қызметі

3. КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫНЫҢ 2014 ЖЫЛҒЫ ЕСЕБІ
3.1. Корпоративтік хатшы туралы ереже
3.2. Корпоративтік хатшы қызметінің 2014 жылғы қызметі

ҚОРЫТЫНДЫ

КІРІСПЕ

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Директорлар кеңесінің және Корпоративтік хатшы қызметінің 2014 жылғы қызметі туралы осы есеп корпоративтік басқару саласындағы ұсынымдар мен халықаралық үздік тәжірибе ескеріле отырып, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ *(бұдан әрі - Жылжымайтын мүлік қоры)* Жарғысына, Директорлар кеңесі туралы ережеге және Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес дайындалды.

Есеп үш негізгі бөлімнен тұрады.

«Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыру» деген бірінші бөлімде Директорлар кеңесінің құрамы, директорларды іріктеу өлшемдері және директорлардың тәуелсіздігі, оларға сыйақы төлеу, біліктілігін арттыру саясаты және Директорлар кеңесінің қызметін бағалау саясаты туралы ақпарат берілген.

«Директорлар кеңесінің 2014 жылғы қызметі» деген екінші бөлімде Директорлар кеңесінің қызметі, Директорлар кеңесі отырыстарының саны және әрбір директордың отырыстарға қатысуы, есепті кезеңде қаралған мәселелер туралы ақпарат, корпоративтік басқаруды жетілдіру, сондай-ақ Директорлар кеңесі комитеттерінің жұмысы туралы ақпарат берілген.

Үшінші бөлімде Корпоративтік хатшы қызметінің 2014 жылғы қызметі туралы есеп берілген.

Жалпы алғанда, Есептің мазмұны мен құрылымы мүдделі пайдаланушылардың Директорлар кеңесінің және Корпоративтік хатшы қызметінің 2014 жылғы қызметі туралы мейлінше шынайы, толық әрі түсінікті ақпарат алуын қамтамасыз ететіндей келтірілді.

1. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

1.1 Директорлар кеңесінің құрамы

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереже Директорлар кеңесінің тиімді басқару қағидатын іске асыру үшін 2009 жылы әзірленіп, бекітілді. Директорлар кеңесі туралы ереже Директорлар кеңесінің мәртебесін, оның құрылуы мен қызмет тәртібін, Директорлар кеңесінің құрамын, оның Қоғамның өзге органдарымен өзара әрекеттесу тәртібін, Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, сондай-ақ оларды сайлау және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібін айқындайды.

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Директорлар кеңесі 2009 жылдың наурыз айында «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құрылды.

2014 жылы Директорлар кеңесінің құрамына мынадай өзгерістер енгізілді:

- «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2014 жылғы 21 ақпандағы №06/14 шешімімен «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ тәуелсіз директоры Найджел Стейплтонның өкілеттік мерзімі 2014 жылғы 1 наурыздан бастап мерзімінен бұрын тоқтатылды, 2014 жылғы 21 ақпаннан бастап «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа тәуелсіз мүшелері ретінде Эдриан Иан Хоуинк және Әзірбаев Мұхит Бақытұлы сайланды.

- «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2014 жылғы 9 шілдедегі №30/14 шешімімен Директорлар кеңесінің құрамы жаңа мерзімге қайта сайланды:

1) «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Директорлар кеңесі

мүшелерінің: Ж.А. Мыңжасаровтың, Б.Ә. Палымбетовтің, Ж.М. Әбдікәрімованың, Э.И. Хоуинктің, М.Б. Әзірбаевтың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды;

2) «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі 3 жылға белгіленді.

3) «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына төменде аталған 5 мүше сайланды:

р/с №	**Т.А.Ә.**	**Лауазымы**	**ДК құрамына бірініші рет сайланды:**
1	Мыңжасаров Жұмағали Ахметқалиұлы	Директорлар кеңесінің төрағасы, «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу жөніндегі бас директоры	2012 жылғы 14 ақпанда
2	Палымбетов Болат Әбілқасымұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Басқарма төрағасы	2011 жылғы 23 мамырда
3	Әбдікәрімова Жанар Мұратқызы	Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор	2012 жылғы 30 қазанда
4	Эдриан Иан Хоуинк	Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор	2014 жылғы 21 ақпанда
5	Әзірбаев Мұхит Бақытұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор	2014 жылғы 21 ақпанда

4) Директорлар кеңесінің төрағасы болып Ж.А. Мыңжасаров сайланды.
«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ

Директорларды іріктеу өлшемдері және директорларды лауазымға ұсыну рәсімі

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Жарғысы 29-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Директорлар кеңесі құрамының санын, өкілеттік мерзімін, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау Жалғыз акционердің ерекше құзыретіне жатады.

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес Директорлар кеңесі мүшелілігіне үміткерлердің және Директорлар кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін орындауға және Жалғыз акционер мен Қоғамның мүдделеріне сәйкес тиімді жұмысын ұйымдастыруға қажет тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, іскерлік және (немесе) салалық ортада оң жетістіктері болуы тиіс.

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс:

1) мемлекеттік органдарда, коммерциялық және өзге де ұйымдарда басшылық қызметтерде не акционерлік қоғамдардың Басқармасы немесе Директорлар кеңесі құрамында кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесі;

2) мінсіз іскерлік беделі болуы тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына:

- жоғары білімі жоқ;

- өтелмеген немесе заңда белгіленген тәртіппен алынып тасталмаған соттылығы бар;
- белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп жабу немесе акцияларын мәжбүрлеп сату, немесе тоқтатып қою туралы шешім қабылданғанға дейінгі бір жылдан аспайтын кезең бұрын басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (Басқарма төрағасы), басшының орынбасары, бас бухгалтері болған тұлға сайлана алмайды. Аталған талап белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп жабу немесе акцияларын мәжбүрлеп сату, немесе тоқтатып қою туралы шешім қабылданғаннан кейін бес жыл ішінде қолданылады.

Корпоративтік басқарудың әлем тәжірибесіне және «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына (54-б.5-т.) сәйкес директорлар кеңесі мүшелерінің саны үш адамнан кем болмауға тиіс, бұл ретте Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызын тәуелсіз директорлар құруы тиіс.

Тәуелсіз директорлар «Самұрық-Қазына» АҚ Тәуелсіз директорларды іріктеу қағидаларына сәйкес сайланады, онда ұлттық даму институттарының, ұлттық компаниялардың және дауыс беруші акцияларының елу пайыздан астамы «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншікті немесе сенімгерлікпен басқару құқығында тиесілі басқа заңды тұлғалардың Директорлар кеңестеріне сайлау мақсатында тәуелсіз директорларға үміткерлерді конкурстық негізде іріктеу тәртібі айқындалған.

1.2 Директорлар тәуелсіздігінің өлшемдері

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы 20) тармақшасына, Жылыжмайтын мүлік қорының Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес тәуелсіз директор:

- Қоғамның үлестес тұлғасы болып табылмайтын және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде үлестес тұлға болмаған (ол Қоғамның Тәуелсіз директоры қызметінде болған жағдайды қоспағанда);
- Қоғамның үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылмайтын;
- Қоғамның немесе Қоғамның үлестес ұйым-тұлғаларының лауазымды тұлғаларына бағынышты және Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде сол тұлғаларға бағынышты болмаған;
- Қоғамның аудиторы болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде аудитор болмаған;
- аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде Қоғам аудитіне қатыспайтын және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған;
- мемлекеттік қызметші болып табылмайтын;
- Қоғам органдарының отырысында Жалғыз акционердің өкілі болып табылмайтын және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай болмаған директорлар кеңесінің мүшесі «тәуелсіз директор» ретінде айқындалады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері Қоғамның Директорлар кеңесін басқа ұйымдардағы жұмысы мен Директорлар кеңесінің мүшелері қызметтерін қоса атқаратыны жөнінде алдын ала хабардар етеді.

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері Қоғамның бәсекелес ұйымдарында Директорлар кеңесінің құрамына кіре алмайды және онда атқарушы

қызметтер атқара алмайды.

Жылжымайтын мүлік қорының тәуелсіз директорлары Ж.М.Әбдікәрімова, М.Б.Әзірбаев және Э.Хоуинк (Нидерланд) осы есеп жасалған күнгі жағдай бойынша «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңында, «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Жарғысы мен Корпоративтік басқару кодексінде келтірілген тәуелсіздік өлшемдеріне толығымен сәйкес келеді.

1.3 Директорларға сыйақы төлеу

Мемлекеттік қызметшілер және/немесе өздерінің өкілеттіктерін лауазымдық міндеттерге сәйкес жүзеге асыратын Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төленбейді. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесіндегі жұмысы үшін сыйақы алмайды. Осылайша, сыйақы тек қана тәуелсіз директорларға төленеді.

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Директорлар кенесі туралы ереженің 25-бабына сәйкес Жылжымайтын мүлік қорының тәуелсіз директорларына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен олар өз міндеттерін атқарған кезең ішінде сыйақы төленуі және (немесе) олардың Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын атқаруымен байланысты шығыстары өтелуі мүмкін.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне төленетін сыйақы мөлшері мен оны төлеу шарттарын айқындау Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатады.

Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу және (немесе) шығыстарын өтеу тәртібі «Самұрық-Қазына» АҚ Компанияларының тәуелсіз директорларына сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу ережелерімен реттеледі.

Аталған Ережелерге сәйкес тәуелсіз директорларға мыналар:

- тіркелген сыйақыны - Жылжымайтын мүлік қоры Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындағаны үшін сыйақыны төлеуді күнтізбелік жылдың тиісті жартыжылдығында Директордың жұмыс кезеңіне барабар, жарты жылда бір рет ақшалай нысанда төлейді;
- қосымша сыйақыны - Жылжымайтын мүлік қоры Директорлар кеңесі комитеттерінің отырысына қатысқаны үшін Директорлар кеңесі жанындағы комитеттің іштей отырысы өткен күннен кейінгі айдың ішінде төлейді.

Тәуелсіз директорға тәуелсіз директордың тұрғылықты жерінен тыс өткізілетін Директорлар кеңесінің отырысына баруымен байланысты шығыстар (жолақы, тұрғынақы, тәулікақы) да өтеледі.

Тәуелсіз директорларға төленетін сыйақы мөлшері жоғарғы лимиттерді белгілеусіз Жалғыз акционердің шешімімен белгіленеді.

Тәуелсіз директорларға сыйақы акция түрінде төленбейді, өзге де жеңілдіктер ұсынылмайды.

Тәуелсіз директорларға 2014 жылы төленген сыйақы

	Т.А.Ә.	Тіркелген сыйақы	Қосымша сыйақы	Жиыны:
1	Әбдікәрімова Ж.М.	1 814 825 теңге	1 500 000 теңге	3 314 825 теңге
2	Әзірбаев М.Б.	1 715 116 теңге	525 000 теңге	2 240 116 теңге
3	Эдриан Хоуинк	34 302 АҚШ доллары	10 000 АҚШ доллары	44 302 АҚШ доллары
4	Найджел Стейплтон*	6 667 АҚШ доллары	3 000 АҚШ доллары	9 667 АҚШ доллары

** Тәуелсіз директор ретіндегі өкілеттік мерзімі 2014 жылғы 1 наурыздан бастап мерзімінен бұрын тоқтатылды.*

1.4 Директорлар кеңесінің қызметін бағалау

Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 24 қазандағы № 67 шешімімен «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің қызметін бағалау саясаты бекітілген.

Аталған саясатқа сәйкес Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің жұмысына бағалау жүргізу туралы шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды.

Директорлар кеңесі бағалауды:

- кеңескерді тарта отырып,
- сауалнама, сұхбаттасу арқылы және т.б. жолмен;
- аралас тәсілді: өткізу барысын кеңескер үйлестіре отырып, өз күшімен жүргізе алады.

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Директорлар кеңесінің және оның мүшелерінің қызметін бағалау Корпоративтік хатшы жұмысты үйлестіріп, Директорлар кеңесінің барлық мүшелерімен сауалнама жүргізу арқылы 2014 жылы өткізілді.

Директорлар кеңесінің қызметін бағалау мынадай өлшемдерді қамтиды:

- Директорлар кеңесінің құрамы мен құрылымы;
- Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі төрағасының рөлі мен міндеттері;
- Директорлар кеңесінің жұмыс рәсімдері, оның қызметін ақпараттық қамтамасыз ету;
- Директорлар кеңесі комитеттерінің жұмысы;
- Директорлар кеңесінің Басқармамен өзара іс-қимылы;
- Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеу саясаты.

Директорлар кеңесінің әрбір мүшелерінің қызметін жеке бағалау кезінде мынадай факторларға назар аударылды:

- құрамына Директорлар кеңесінің мүшесі кіретін Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі комитеттерінің жауапкершілігі аясына кіретін мәселелердегі құзыреттілік;
- саланы және бизнесті, саланы жүргізудің ерекшеліктерін білу;
- Директорлар кеңесінің және Диркеторлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына қатысу;
- Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарында талқылауларға қатысу дәрежесі;

- Директорлар кеңесі отырыстарындағы белсенділігі және шешімдер қабылдау процестерінде дауыс беру сипаты, сондай-ақ Директорлар кеңесі отырыстарына шығарылатын материалдарды қарау (материалдарды қарау және Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген мерзімде Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына қол қою) мерзімдерін сақтау;
- шешім табуға бағдарлану.

Қорытынды бойынша Директорлар кеңесі қызметінің жалпы бағасы 4.4 балды (5 балдан) құрады. Алынған нәтижелер негізінде Корпоративтік хатшы Жылжымайтын мүлік қоры Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің қызметін бағалау туралы есеп дайындалып, Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы отырысында (№89 хаттама) қаралды.

Директорлар кеңесінің қызметін бағалау қорытындысы корпоративтік басқару тәжірибесін одан әрі дамыту және жетілдіру бойынша бағыт көрсетті. Атап айтқанда, Директорлар кеңесінің стратегиялық тағайындау, жоғары буын басшыларын тағайындау және оларға сыйақы төлеу, комитеттердің жұмысын ұйымдастыру, Директорлар кеңесінің мүшелерін оқыту мәселелеріне қатысуы.

Бағалау жүргізу қорытындысы бойынша Директорлар кеңесінің 2015 жылға арналған Жұмыс жоспарына Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің комитеттері және Директорлар кеңесінің мүшелері қызметтерінің тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шаралар енгізілді.

Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 29 тамыздағы № 65 шешімімен Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру және «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Директорлар кеңесінің сыртқы сарапшыларды тарту жөніндегі саясаты бекітілді.

Аталған Саясат Директорлар кеңесі мүшелерінің олардың біліктілігін арттыру және сыртқы сарапшыларды тарту бөлігіндегі құқықтары мен міндеттерін айқындайды, Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілікті арттыру және сыртқы сарапшыларды тартуды жоспарлауы және біліктілікті арттыру және сыртқы сарапшыларды тартуы туралы шешім қабылдау тәртібін реттейді.

Саясатта тәуелсіз директорлардың біліктілікті арттырудың жалпы қабылданған түрлерін пайдалана отырып, сыртқы және ішкі оқу бағдарламаларына, семинарларға (тренингтерге), конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, форумдарға қатысу арқылы Директорлар кеңесінің құзыреті мәселелері мен сабақтас мәселелер бойынша өзінің біліктілігін арттыру іс-шараларына үш жылда кемінде бір рет қатысу міндеттемесі бекітілген.

Директорлар кеңесі мүшелерінің дағдылары мен біліктілігін дамыту тетігін енгізу Жылжымайтын мүлік қоры Директорлар кеңесінің жұмыс тиімділігін арттыруға мүмкіндік туғызатын болады. Бұдан басқа, Директорлар кеңесінің мүшелеріне, егер Директорлар кеңесі қарайтын мәселелер сыртқы кәсіби және тәуелсіз сараптаманы талап ететін болса, сыртқы сарапшыларды тарту арқылы өз құқықтарын іске асыру мүмкіндігі көзделген.

Жылжымайтын мүлік қоры Директорлар кеңесі мүшелерінің соңғы үш жылда өзінің біліктілігін арттыру іс-шараларына қатысуы туралы ақпарат:

- 2013 жылғы 6 қыркүйекте тәуелсіз директорлар Н. Стейплтон мен Ж.Әбдікәрімова «Ұзақ мерзімді ынталандыру бағдарламасы» семинарына (Астана қ.) қатысты;

- 2013 жылғы 24-30 қараша аралығында тәуелсіз директор Ж. Әбдікәрімова «Корпоративтік басқарудың халықаралық тәжірибесі. Сингапур тәжірибесі.» тақырыбындағы Сингапур қаласында (Сингапур Республикасы) өткен

оқу турына қатысты.

- 2014 жылғы 12 қарашада директорлар кеңесінің барлық мүшелері «KPMG» компаниясы барлық директорлар кеңесі мүшелері үшін өткізген тәуекелдерді басқару жөніндегі семинарға қатысты.

1.7. Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларын иелену туралы ақпарат

Жылжымайтын мүлік қорының Директорлар кеңесі мүшелерінде жеткізушілердің және бәсекелестердің акциялары жоқ.

1.8. Мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына шығару рәсімі

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» Жылжымайтын мүлік қорының Жалғыз акционері болып табылады. Мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына шығару рәсімі «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2013 жылғы 3 қазандағы №56/13 шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарын басқару регламентімен реттеледі.

Жалғыз акционердің құзыретіне жататын, олар бойынша Басқарма немесе «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының төрағасы шешім қабылдайтын мәселелер тізбесі «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасы бекітетін тиісті құжаттарда келтірілген[1].

Жалғыз акционердің қарауына мәселелерді шығару кезінде Жалғыз акционердің құзыреті мәселелері бойынша материалдар келесіні:

1) «Самұрық-Қазына» АҚ тиісті шешімінің жобасын немесе «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы бұйрығының жобасын;
2) түсініктеме хатты;
3) шешім немесе Бұйрық жобасына қосымшаны;
4) анықтамалық материалдарды;
5) мәселені келісуді растайтын материалдарды;

---

1 Қазақстан Республикасының заңнамасына және команиялардың жарғыларына сәйкес оар бойынша шешімдерді Басқарма немесе «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы қабылдайтын компаниялар акционерлерінің жалпы жиналыстарының құзыретіне жататын компаниялар қызметінің мәселелер тізбесі.

6) келіспеушіліктер хаттамасын (реттелмеген келіспеушіліктер болған жағдайда);
7) Жылжымайтын мүлік қоры Директорлар кеңесінің, Жылжымайтын мүлік қоры Директорлар кеңесінің жанындағы Комитеттердің, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасы жанындағы Комитеттердің тиісті хаттамаларын;
8) «Самұрық-Қазына» АҚ ішкі құжаттарында, оның ішінде «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасы туралы ережесінде талап етілетін материалдарды;
9) өзге де материалдарды қамтуы тиіс.

Жалғыз акционердің қарауына жіберілетін, Жылжымайтын мүлік қорының қызметі жөніндегі материалдар сол мәселелер бойынша негізделген шешім қабылдау үшін қажетті көлемдегі ақпаратты қамтуы тиіс.

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының немесе «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасы төрағасының қарауына материалдарды шығару бойынша белгіленген рәсімдердің орындалуына жауапкершілікті Жылжымайтын мүлік қорына жетекшілік ететін ішкі үйлестіруге (бұдан әрі - Дирекция) сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ құрылымдық бөлімшесі атқарады.

«Самұрық-Қазына» АҚ құрылымдық бөлімшелерімен материалдарды келісу, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының немесе Басқарма төрағасының қарауына

мәселелерді шығаруды Дирекция жүзеге асырады.

Мәселелер бойынша материалдарды қараудың шекті мерзімі «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешім қабылдау мерзімін қоса алғанда, күнтізбелік 30 күннен аспайтын мерзімді құрайды.

Дирекция Жалғыз акционердің шешімі болып табылатын «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының/«Самұрық-Қазына» АҚ бұйрығының хаттамасынан тиісті үзінді көшірмені хаттамадан/бұйрықтан үзінді көшірмені алғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде Жылжымайтын мүлік қорының және Жылжымайтын мүлік қорының Корпоративтік хатшысына жеткізеді.

Корпоративтік хатшы Жылжымайтын мүлік қорының атқарушы органына үзінді көшірменің жеткізілуін қамтамасыз етеді. Корпоративтік хатшы Жалғыз акционердің шешімдерінің орындалуына мониторингті жүзеге асырады.

2. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 2014 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ

2.1. Директорлар кеңесі отырыстарының саны және оның мүшелерінің отырыстарға қатысуы

2014 жылғы «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қорында Директорлар кеңесінің 10 отырысы, оның ішінде 8 іштей және 2 сырттай отырыс өтті (80-89 отырыстары). Жылжымайтын мүлік қоры қызметінің негізгі аспектілері бойынша барлығы 127 мәселе қаралып, олар бойынша 214 шешім қабылданды және 41 тапсырма берілді, 34 тапсырма орындалды, 1 тапсырма ішінара орындалды, 6 тапсырма орындалуда.

Сондай-ақ, 2013 жылғы 2 тапсырмасы орындау барысында, бұдан бұрын Үлестік қатысу туралы заңға енгізілген өзгерістердің күшіне енуіне байланысты, бұл тапсырмалар уақытша тоқтатылған болатын.

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің 2014 жылы отырыстарға қатысуы:

р/с №	ТАӘ	ДК отырыстарына қатысуы	%
1.	Мыңжасаров Ж.А.	10-ның 10-нына	100%
2.	Палымбетов Б.Ә.	10-ның 10-нына	100%
3.	Әбдікәрімова Ж.М.	10-ның 9-зына	90%
4.	Хоуинк Э.И.	10-ның 8-іне	80%
5.	Әзірбаев М.Б.	10-ның 10-нына	100%

2.2. Директорлар кеңесі отырыстарының күн тәртібіне ұсыныстар енгізу рәсімі

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес Директорлар кеңесінің отырысы Директорлар кеңесінің немесе Басқарма төрағасының бастамасымен, не Директорлар кеңесі, Ішкі аудит қызметі, Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның кез келген мүшесінің,

Жалғыз акционердің талабы бойынша шақырылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы талап отырысты шақырудың бастамашысы қол қойған, отырыстың ұсынылған күн тәртібі қоса берілген тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесінің төрағасына ұсынылады.

Отырыстың күн тәртібінің түпкілікті жобасын Қоғамның Корпоративтік хатшысы әзірлейді, Қоғамның Директорлар кеңесі төрағасы келіседі (сырттай отырыс өткізілген жағдайда, бекітіледі).

Күн тәртібіне мәселені енгізудің бастамашысы шешім шығарғанға дейін кез келген уақытта күн тәртібінен өзінің мәселесін алып татастауға құқылы, бұл ретте ондай факті міндетті түрде хаттамада тіркеледі.

Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы құрамының 2/3 (үштен екі) бөлігі қатысқан Директорлар кеңесінің қандай да бір отырысы барысына мәселелерді енгізу үшін Директорлар кеңесінің барлық қатысқан мүшелері дауыс берген жағдайда, күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізілуі және қаралуы мүмкін.

2.3. Директорлар кеңесі 2014 жылы қараған негізгі мәселелер

Есепті кезеңде Директорлар кеңесінің отырыстарында стратегиялық, сондай-ақ оның құзыретіне кіретін қызмет мәселелері де қаралды. Мәселелер тізбесі мен олар бойынша шешімдер Директорлар кеңесі отырыстарының тиісті хаттамалары мен шешімдерінде көрсетілген. Директорлар кеңесінің іштей отырыстары 2014 жылға бекітілген Жұмыс жоспарына сәйкес жүйелі негізде өткізілді.

«Самұрық-Қазына» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарын басқару регламентіне сәйкес, Директорлар кеңесі «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Жалғыз акционерінің болжалдарын іске асыру бойынша 2014 жылға арналған іс-шаралар жоспарын бекітті.

Даму стратегиясы

Директорлар кеңесі жұмысының есепті кезеңдегі ең маңызды бағыттарының бірі - «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ-ның 2014-2023 жылдарға арналған жаңа ұзақ мерзімді даму стратегиясын (бұдан әрі - Стратегия) бекіту болды.

Жылжымайтын мүлік қорының Жалғыз акционерімен және Басқармасымен бірлесіп, Стратегияны талқылау және пысықтау бойынша көлемді жұмыс жүргізілді. Жылжымайтьш мүлік қоры Директорлар кеңесі мүшелерінің және «КПМГ» компаниясы өкілдерінің (Стратегия әзірлеушілері) қатысуымен бірқатар жұмыс отырыстары өткізілді.

Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 20 наурыздағы №80 хаттамасымен «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ 2014-2023 жылдарға арналған Ұзақ мерзімді даму стратегиясы бекітілді.

Даму стратегиясы Жылжымайтын мүлік қорының ұзақ мерзімді құнын арттыруға бағытталған және оның миссиясын, көздегенін, стратегиялық даму бағыттарын, он жылдық кезеңге мақсаттары мен міндеттерін айқындайды.

Жылжымайтын мүлік қорының «Мегажобалардың іргелі девелопменті, «жасыл» технологияларды қолдана отырып, құрылысты инвестициялау, сондай-ақ құрылыс саласына инновациялар енгізу арқылы Қазақстан Республикасының құрылыс саласын және жылжымайтын мүлік нарығын дамытуға жәрдемдесу» миссиясы айқындалды.

Жаңа Стратегия шеңберіндегі Жылжымайтын мүлік қорының көздегені - мегажобалардың іргелі девелопменті және Қазақстан Республикасының құрылыс саласына инновациялар енгізу жөніндегі жетекші компания.

Жылжымайтын мүлік қорының мынадай негізгі стратегиялық бағыттары айқындалды:

1. Жылжымайтын мүлік қорының ұзақ мерзімді қосылған құнын арттыру.
2. Құрылыс саласына инновациялар енгізу.

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ даму стратегиясын іске асыру бойынша 2014 жылға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді.

«Қолжетімді тұрғын үй - 2020» бағдарламасы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 маусымдағы №821 қаулысымен «Қолжетімді тұрғын үй - 2020» бағдарламасы бекітілді.

Аталған бағдарламаны іске асыру – Жылжымайтын мүлік қорының негізгі стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады. «Қолжетімді тұрғын үй - 2020» бағдарламасы шеңберінде Жылжымайтын мүлік қоры тұрғын үйлерді өткізудің екі жолын қарастырады: тікелей сату және сатып алу құқығымен жалға беру.

Есепті кезеңде Директорлар кеңесі «Қолжетімді тұрғын үй - 2020» бағдарламасы шеңберінде «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ тұрғын үй құрылысы жобаларын іске асыру жөніндегі есепті бекітті. «Қолжетімді тұрғын үй - 2020» бағдарламасы шеңберінде «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ тұрғын және коммерциялық (тұрғын емес) үй-жайларын өткізу қағидаларының жаңа редакциясы бекітілді, бірқатар инвестициялық жобалар қаралды.

Қордың Директорлар кеңесінің 2014 жылға арналған Жұмыс жоспарына сәйкес, есепті кезеңде Директорлар кеңесі Қордың ішкі қызметін реттейтін бірқатар негізгі мәселелерді қарады. Директорлар кеңесінің шешімдерімен *мыналар бекітілді*:

- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Тәуекелдерді басқару жөніндегі 2013 жылғы, 2014 жылғы 1, 2, 3-тоқсандағы есептері;
- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ 2014 жылға арналған және болжалды 2015 жылға Тәбет тәуекелдері және тәуекелдерге төзімділігі;
- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ 2014 жылға арналған негізгі тәуекелдер көрсеткіштері;
- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ болжалды 2015 жылға арналған тәуекелдер тіркелімі мен картасы;
- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Тәуекелдерді басқару саясытының жаңа редакциясы;
- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ 2013 жылы объектілерін салу кезінде құрылыс салушылар сатып алған тауарлардағы, жұмыстардағы және көрсетілетін қызметтердегі қазақастандық құрамы туралы есеп;
- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Тәуекелдерді басқару тиімділігін бағалау туралы есеп;
- Ішкі аудит қызметінің 2013 жылғы, 2014 жылғы 1, 2, 3-тоқсандағы есептері;
- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Ішкі аудит қызметінің мансабын дамыту жөніндегі нұсқаулық;
- Ішкі аудит қызметінің және оның жетекшісінің 2014 жылға арналған негізгі қызмет көрсеткіштері;
- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2015-2017 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары;
- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспары;

- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ 2014 жылға арналған Корпоративтік хатшының ҚНК карталары және Корпоративтік хатшы қызметі қызметкерлерінің мақсаттар карталары;

- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ корпоративтік басқару қағидаттарын ұстану туралы 2013 жылғы есеп;

- жасалуында мүдделілігі бар ірі мәмілелер және «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ жасаған мәмілелер туралы тоқсан сайынғы есеп;

- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ 2011-2015 жылдарға арналған даму жоспарын орындау туралы 2013 жылғы 1 тоқсандағы, 2014 жылғы 6 және 9 айдағы есеп;

- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ 2014-2018 жылдарға арналған даму жоспарын түзету;

- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ2015-2019 жылдарға арналған даму жоспары;

- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ басшы және басқару қызметкерлері жұмысының 2013 жылғы нақты мәндері бар негізгі көрсеткіштері карталары және 2013 жылғы қорытындылары бойынша «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ басшы және басқарушы қызметкерлеріне сыйақы төлеу бойынша шешім қабылданды;

- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ басшы және басқару қызметкерлері жұмысының 2014 жылға арналған негізгі көрсеткіштерінің карталары;

- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ инвестициялық жобаларын әзірлеу және қарау қағидалары;

- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ 2014-2023 жылдарға арналған инновациялық-технологиялық даму стратегиясы;

мыналар алдын ала мақұлданды:

- Директорлар кеңесінің және Корпоративтік хатшының 2013 жылғы 1-тоқсандағы, 2014 жылғы 6 айдағы және 9 айдағы қызметі туралы есеп;

- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ 2013 жылғы жылдық есебі;

- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ 2013 жылғы жылдық қаржылық есебі;

мынадай ішкі құжаттарға:

- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Іскерлік әдеп кодексіне;

- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ қызметкерлеріне еңбекақы және сыйақы төлеу қағидаларына;

- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ басшы және басқарушы қызметкерлерін, Ішкі аудит және Корпоративтік хатшы қызметінің басшыларын қызметін бағалау және оларға сыйақы төлеу қағидаларына;

- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ тұрғын үй құрылысы жобаларын іріктеу және қарау қағидаларына *өзгерістер енгізілді*.

мынадай құжаттар:

- «Эрнст энд Янг» ЖШС тәуелсіз аудиторлық ұйымының 2013 жылғы қаржылық есептілік аудит қорытындысы жөнінде ұсынымдарын орындау бойынша іс-шаралар жоспары;

- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ 2013 жылғы ақпаратты

ашу процесінің ашықтығы мен тиімділігі туралы есеп;

- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ туризм саласындағы коммерциялық негізде инвестициялық жобаларды іске асыруға қатысуы бойынша тұжырымдамалық әдістерді әзірлеу туралы ақпарат;

- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Омбудсменінің қызметі туралы 2013 жылғы есеп *қаралды*.

мынадай кадрлық тағайындаулар жүргізілді:

- Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 15 сәуірдегі № 81 шешімімен А.Ш. Ахмеров «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Басқармасы төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

- Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 2 маусымдағы № 83 шешімімен «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Омбудсменінің өкілеттігі жаңа мерзімге ұзартылды.

2.4 Корпоративтік басқаруды жетілдіру

2014 жылы Директорлар кеңесі қызметінің басым бағыттарының бірі - Жылжымайтын мүлік қорында корпоративтік басқаруды жетілдіруді бақылау және Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін арттыру болып табылды.

Есепті кезеңде Директорлар кеңесі 2013 жылдың қорытындылары бойынша «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Корпоративтік басқару жүйесін әзерлеу нәтижелерін, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ-да 2013 жылға арналған Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жоспарының орындалуы туралы ақпаратты қарады.

Осыған байланысты Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 20 наурыздағы шешімімен (№80 хаттама) «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қорында 2014 жылға арналған Корпоративтік басқаруды жетілдіру жоспары бекітілді, онда ңақты іс-шаралар, жауапты орыңдаушылар мен орындау мерзімдері айқындалды. Басқармаға да, сол сияқты Директорлар кеңесіне де есеп беретін құрылымдық бөлімшелер (Корпоративтік хатшы қызметі және Ішкі аудит қызметі) жауапты орындаушылар болып табылады. Есеп беру күніне барлығы 69 іс-шара орындалды.

Есеп беру кезеңінде Жалғыз акционер «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС сырттай кеңесшісімен бірлесіп, «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ 2014 жылғы корпоративтік басқару рейтингісіне диагностика жүргізді.

Диагностика нәтижелері бойынша «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Корпоративтік басқару жүйесінің рейтингісі 71,21% құрады, бұл 2013 жылғы көрсеткіштен 3,3 пайыздық тармаққа жоғары (67,9%). 2014 жылға арналған Даму жоспарына сәйкес көрсетілген көрсеткіш 70% деңгейінде болады деп жоспарланған.

2.5 Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің пікірін ескеру бойынша қабылдаған шаралары

«Самұрық-Қазына» АҚ Регламентке сәйкес Жылжымайтын мүлік қоры Директорлар кеңесінің отырыстарында өзінің мүдделерін таныту үшін Директорлар кеңесінің құрамына өзінің Өкілдерін (бұдан әрі - Өкілдер) тағайындайды.

Жылжымайтын мүлік қоры Директорлар кеңесіндегі Жалғыз акционердің өкілі Ж.А. Мыңжасаров болып табылады.

Регламентте көрсетілген тәртіпке сәйкес Жалғыз акционердің Өкілі Директорлар кеңесі отырыстарының күн тәртібі мәселелеріне қатысты пікір

жасайды және Директорлар кеңесі отырыстарында Жалғыз акционердің позициясын білдіреді. Бұл факт Директорлар кеңесі отырысының хаттамасында көрсетіледі және күн тәртібі мәселелері бойынша дауыс беру кезінде Директорлар кеңесінің басқа мүшелерімен ескеріледі.

Жалғыз акционер Директорлар кеңесіндегі өз Өкілі арқылы «Самұрық-Қазына» АҚ қатысты мәселелерді Жылжымайтын мүлік қоры Директорлар кеңесінің қарауына шығаруға бастамашылық жасауға құқылы.

2.6 Директорлар кеңесі Комитеттерінің қызметі

Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін арттыру және корпоративтік басқару құрылымын жетілдіру мақсатында Жылжымайтын мүлік қоры Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 2 желтоқсандағы №56 шешімімен Директорлар кеңесінің жанында Аудит жөніндегі комитет және Тағайындау және сыйақы комитеті құрылды. Жылжымайтын мүлік қоры Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 29 желтоқсандағы №57 шешімімен Аудит жөніндегі комитет туралы және Тағайындау және сыйақы комитеті туралы ережелер бекітілді.

Жылжымайтын мүлік қоры Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 20 наурыздағы шешімімен (№80 хаттама):

- Жылжымайтын мүлік қоры Директорлар кеңесі Аудит жөніндегі комитетінің төрағасы Найджел Стейплтонның өкілеттік мерзімі 2014 жылғы 1 наурыздан бастап мерзімінен бұрын тоқтатылды;
- Эдриан Иан Хоуинк Жылжымайтын мүлік қоры Директорлар кеңесі Аудит жөніндегі комитетінің төрағасы болып сайланды;
- Әзірбаев Мұхит Бақытұлы Жылжымайтын мүлік қоры Директорлар кеңесі Тағайындау және сыйақылар комитетінің мүшесі болып сайланды.

Үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес Директорлар кеңесі Комитеттерінің төрағалары тәуелсіз директорлар болып табылады.

Есепті кезеңде Директорлар кеңесі Комитеттерінің отырыстарында 2014 жылға арналған Жұмыс жоспарында бекітілген олардың құзыреттеріне жататын қызмет мәселелері қаралды.

2.6.1 Аудит жөніндегі комитет:

Аудит жөніндегі комитеттің құрамы *(31.12.2014 жылғы жағдай бойынша):*

Т.А.Ә.	**Қызметі**	**Комитет мүшесі болған күні**
Эдриан Иан Хоуинк	Комитет төрағасы, «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ тәуелсіз директоры	2014 жылғы 20 наурыз
Әбдікәрімова Жанар Мұратқызы	Комитет мүшесі, «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ тәуелсіз директоры	2013 жылғы 28 желтоқсан
Жанәділ Ернар Бейсенұлы	Сарапшы (дауыс беру құқығынсыз), «Самұрық-Қазына» АҚ Ішкі аудит қызметінің жетекшісі	2013 жылғы 10 шілде

2014 жылы «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ-да Аудит жөніндегі комитеттің 6 іштей отырысы (*15-20 отырыстары*) өтті. Комитеттің негізгі құзыреттері бойынша барлығы 58 мәселе қаралды, олар бойынша 103 шешім қабылданып, Жылжымайтын мүлік қорының Директорлар кеңесіне тиісті ұсыныстар берілді.

Аудит жөніндегі комитеттің 2014 жылға арналған Жұмыс жоспары бекітілді және Аудит жөніндегі комитеттің 2013 жылғы қызметі туралы есеп мақұлданды.

Есепті кезеңде Аудит жөніндегі комитеттің отырыстарында 2014 жылға бекітілген Жұмыс жоспарына сәйкес оның құзыретіне жататын қызмет мәселелері қаралды.

Қаржылық есептілік мәселелері бойынша

- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ 2013 жылғы жылдық есебі алдын ала мақұлданды;
- «Эренс энд Янг» ЖШС сырттай аудиторының «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ шолу тексеру нәтижелері бойынша бірінші жартыжылдық және 2014 жылғы 9 айдағы есебі қаралды.

Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша:

мыналар алдын алда мақұлданды:

- тәуекелдерді басқару жөніндегі 2013 жылғы, 2014 жылғы 1,2,3-тоқсандағы есеп;
- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ-ның болжалды 2015 жылға тәуекелдер тіркелімі мен тәуекелдер картасы;
- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ болжалды 2015 жылға Тәбет тәуекелдері және тәуекелдерге төзімділігі;
- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ 2014 жылға арналған және болжалды 2015 жылға негізгі тәуекелдер көрсеткіштері;
- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ-ның негізгі тәуекелдерді басқару саясатының жаңа редакциясы;
- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы есеп алдын алда мақұлданды.

Сыртқы аудит мәселелері бойынша:

- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ-да тәуекелдерді басқару тиімділігін бақылау туралы есеп алдын ала мақұлданды.
- Менеджменттің қатысуымен «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ аудиті мәселелері бойынша сыртқы аудитормен кездесу өткізілді;
- Менеджментті қатыстырмай, «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ аудиті мәселелері бойынша сыртқы аудитормен кездесу өткізілді;
- «Эрнст энд Янг» ЖШС тәуелсіз аудиторлық ұйымдарының 2013 жылғы қаржылық есептілік аудиті қорытындылары жөнінде ұсынымдарын орындау бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді.

Ішкі аудит мәселелері бойынша:

мыналар алдын ала мақұлданды:

- Ішкі аудит қызметінің 2013 жылғы, 2014 жылғы 1, 2, 3-тоқсандағы жылдық есебі;
- сыйақы төлеу коэффициенттері және «Самұрық-Қазына» жылжымайтын

мүлік қоры» АҚ Ішкі аудит қызметінің жетекшісіне 2013 жылғы және 2014 жылғы 1, 2, 3-тоқсандағы қорытындылар бойынша сыйақы төлеу;

- Ішкі аудит қызметінің және оның жетекшісінің 2014, 2015 жылғы қызметінің негізгі көрсеткіштері.

- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Ішкі аудит қызметінің мансабын дамыту бойынша нұсқаулық;

- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2015-2017 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары;

- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2015 жылғы арналған жылдық аудиторлық жоспары;

- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2015 жылға бюджеті;

Мыналар алдын ала мақұлданды:

- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ және оның еншілес ұйымдарының 2014-2018 жылдарға арналған бухгалтерлік персоналын дамыту бағдарламасы;

- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Омбудсменінің 2013 жылғы қызметі туралы есеп;

- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ ақпараттық технологияларды дамытудың 2014-2017 жылдарға арналған стратегиялық жоспары;

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ инвестициялық жобалар бойынша айыппұл санкцияларының болуы және олардың мәртебесі туралы 2014 жылғы 1,2,3-тоқсандардағы ақпарат қаралды.

Аудит жөніндегі комитет мүшелерінің
2014 жылы отырыстарға қатысуы:

	№ р/с	ТАӘ	Комитеттің отырыстарына қатысуы
1	Хоуинк Э.И. Комитет төрағасы	5-тің 5-іне	*100%*
2	Әбдікәрімова Ж.М., Комитет мүшесі	6-ның 6-ына	100%
3	Жанәділ Е.Б. Комитет сарапшысы	6-ның 5-іне	83%
4	Найджел Стейплтон, Төраға*	1-дің 1-іне	100%

*******2014 жылғы 1 наурыздан бастап өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.*

Жалпы алғанда есепті кезең ішінде Аудит жөніндегі комитет тұрақты түрде Ішкі аудит қызметіне жетекшілік еткен, сонымен қатар сыртқы аудитормен және аудиторлық және консультациялық қызмет көрсететін компаниялардың өкілдерімен кездесулер өткізді.

2.6.2. Тағайындау және сыйақы комитеті

Тағайындау және сыйақы комитетінің құрамы *(31.03.2014 жылғы жағдай бойынша)*

Т.А.Ә.	Қызметі	Комитет мүшесі болған күні
Әбдікәрімова Жанар Мұратқызы	Комитет төрағасы, «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ тәуелсіз директоры	2012 жылғы 22 қараша
Әзірбаев Мұхит Бақытұлы	Комитет мүшесі, «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ тәуелсіз директоры	2014 жылғы 20 наурыз
Райысова Гүлмира Болатқызы	Сарапшы (дауыс беру құқығынсыз), «Самұрық-Қазына» АҚ адами ресурстарын басқару жөніндегі бас директордың орынбасары	2012 жылғы 20 ақпан

2014 жылы «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ-да Тағайындау және сьшақы комитетінің 8 іштей отырысы өтті (17-24 отырыстары). Комитеттің негізгі құзыреттері бойынша барлығы 39 мәселе қаралды, олар бойынша 54 шешім қабылданып, Жылжымайтын мүлік қорының Директорлар кеңесіне тиісті ұсыныстар берілді.

Тағайындау және сыйақы комитетінің 2014 жылға арналған Жұмыс жоспары бекітілді және Тағайындау және сыйақы комитетінің 2013 жылғы қызметі туралы есеп мақұлданды.

Есепті кезең ішінде ТС комитетінің отырыстарында 2014 жылға бекітілген Жұмыс жоспарына сәйкес оның құзыретіне жататын мәселелер қаралды, қорытындылар бойынша Жылжымайтын мүлік қоры Директорлар кеңесіне төменде аталған мәселелер бойынша тиісті ұсынымдар берілді.

Кадр мәселелері бойынша

- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Басқарма төрағасының орынбасарын тағайындау туралы;
- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ-да негізгі лауазымдар тізбесі және негізгі лауазымдардың сабақтастығы жоспары туралы;
- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Омбудсменінің өкілеттігін ұзарту туралы;
- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Басқарма мүшесін басқа ұйымдардық басқару органдарына сайлауға келісу туралы;
- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Басқарма құрамына үміткерлерді бағалау үшін өлшемшарттар тізбесі туралы;
- Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін қызметке енгізу саясатының орындалуы жөніндегі есепті қарау;

Сыйақы төлеу мәселелері бойынша

- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ басшы және басқарушы қызметкерлеріне сыйақы төлеу саясатының тиімділігін бағалау туралы;
- сыйақы коэффициенттері және «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Ішкі аудит қызметінің басшысына 2014 жылғы 1-3-тоқсан қорытындылары бойынша сыйақы төлеу туралы;

- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ басшы және басшылық қызметкерлерінің 2013 жылғы нақты көрсеткіштері бар қызметтің негізгі көрсеткіштерінің карталары және «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ басшы және басқарушы қызметкерлеріне 2013 жылғы қорытындылары бойынша сыйақы төлеу жөнінде шешім қабылдау бойынша;
- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Корпоративтік хатшысының ҚНК картасы және Корпоративтік хатшы қызметі қызметкерлерінің 2014 жылға арналған мақсаттар карталары бойынша;
- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ қызметкерлеріне еңбекақы және сыйақы төлеу қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар бойынша;
- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ басшы және басқарушы қызметкерлерінің, Ішкі аудит қызметі басшысының және Корпоративтік хатшының қызметін бағалау және оларға сыйақы төлеу қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар бойынша;
- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ басшы және басқарушы қызметкерлері қызметтерінің 2014 жылғы 9 ай ішіндегі нақты мәндері бар негізгі көрсеткіштерін орындау мониторингін қарау.

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ басшы және басқарушы қызметкерлерін, Ішкі аудит қызметінің басшысын және Корпоративтік хатшысын бағалау және оларға сыйақы төлеу қағидаларына сәйкес Тағайындау және сыйақы комитетінің 2014 жылғы 16 мамырдағы шешімімен (№19 хаттама) «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ басшы қызметкерлері қызметтерінің Негізгі көрсеткіштер карталарын әзірлеумен айналысқан жұмыс тобы құрылды.

Тағайындау және сыйақы комитетінің жанындағы жұмыс тобының құрамы:

1) Ж. Әбдікәрімова **–** Тағайындау және сыйақы комитетінің төрағасы;
2) М. Әзірбаев – Тағайындау және сыйақы комитетінің мүшесі;
3) Г. Раисова – «Самұрық-Қазына» АҚ Адами ресурстарын басқару департаментінің директоры;
4) А. Күркебаева - «Самұрық-Қазына» АҚ Арнайы салалық бағдарламалар департаментінің бас менеджері;
5) А. Әшімғалиев – «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ басқарушы директоры;
6) Е. Жаулаубаев - «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Ішкі аудит қызметі басшысының м.а.

Жұмыс тобының барлығы үш іштей отырысы өткізілді, отырыстар барысында ҚНК карталарының жобалары әзірленді. Жұмыс қорытындылары бойынша ҚНК карталары талқыланып, Басқарма мүшелерімен келісілді және Тағайындау және сыйақы комитетінің 2014 жылғы 25 маусымдағы шешімімен (№21 хаттама) «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Директорлар кеңесінің бекітуіне ұсынылды.

2014 жылғы 24 қыркүйекте Тағайындау және сыйақы комитеті 2013 жылғы Директорлар кеңесінің тиімділігін бағалау жөнінде ұсынымдарды қайта қарады және Директорлар кеңесіне 2014 жылы «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Директорлар кеңесі тиімділігінің кезекті бағалауын жүргізу бойынша тиісті ұсынымдар берді.

Тағайындау және сыйақы комитеті мүшелерінің
2014 жылғы отырыстарға қатысуы

№ р/с	***Т.А.Ә.***	***Отырыстарға қатысуы***	***%***
1	Ж.М. Әбдікәрімова, төраға	8-інің 8-зіне	100%

2	М.Б. Әзірбаев, Комитет мүшесі	7-удің 7-уіне	100%
3	Г.Б. Раисова, Комитет сарапшысы	8-інің 3-уіне	38%
4	Найджел Стейплтон, Комитет мүшесі*	1-унің 1-уіне	100%

**Өкілеттігі 2014 жылғы 1 наурыздан бастап мерзімімен бұрын тоқтатылды.*

3. КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ 2014 ЖЫЛҒЫ ЕСЕБІ

3.1. Корпоративтік хатшы туралы ереже

Корпоративтік хатшы туралы ереже Директорлар кеңесінің 2009 жылғы 23 қыркүйектегі №10 шешімімен бекітілді. Ережеге сәйкес Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің не Қоғам басқармасының мүшесі болып табылмайтын, Қоғамның Директорлар кеңесі тағайындайтын және Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп беретін Қоғам қызметкері болып табылады.

Корпоративтік хатшының қызметін Директорлар кеңесінің атынан Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы қадағалайды.

Корпоративтік хатшының негізгі міндеттері мынадай:

1) Директорлар кеңесінің, Қоғам басқармасының және лауазымды қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының корпоративтік басқару саласындағы заңнамасын және корпоративтік басқаруды реттейтін Қоғамның ішкі құжаттарының орындалуына мониторинг жүргізу, корпоративтік басқару саласындағы саясатты және тәжірибені жетілдіру;

2) Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес Жалғыз акционердің шешімдерін дайындау бойынша іс-шаралардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;

3) Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің (құрылған жағдайда) тиімді қызметін қамтамасыз ету;

4) Қоғам туралы ақпараттың сақталуын, ашуды және беруді қамтамасыз ету;

5) Қоғам органдары арасында нақты әрі тиімді өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету.

3.2 Корпоративтік хатшы қызметінің 2014 жылғы қызметі

2024 жылы «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қорында Директорлар кеңесінің 10 іштей отырысы (80-89 отырыстары) өтті, оның ішінде Жылжымайтын мүлік қорының негізгі қызметі бойынша 127 мәселе қаралды, олар бойынша 214 шешім қабылданып берілді. Аудит жөніндегі комитеттің және Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің сәйкесінше 6 және 8 сырттай отырысы, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ басшы қызметкерлерінің ҚНК 2014 жылға арналған карталарын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының 3 отырысы өтті.

Корпоративтік хатшы қызметі Жылжымайтын мүлік қорының құрылымдық бөлімшелері Директорлар кеңесінің/Комитеттердің қарауына ұсынатын материалдардың Қазақстан Республикасының корпоративтік басқару саласындағы заңнамасына және Қоғамның корпоративтік басқаруды реттейтін ішкі құжаттарына сәйкестігіне талдауды қамтамасыз етті.

Есепті кезеңде, Директорлар кеңесінің тиімді қызметін қамтамасыз ету мақсатында Корпоративтік хатшы мыналарды қамтамасыз етті:

- Директорлар кеңесінің, Комитеттердің отырыстарын ұйымдастыру және өткізу үшін қажетті материалдарды қалыптастыру және тарату (отырыстар

өткізілетіні туралы хабарлама, отырыстың күн тәртібі мәселелері бойынша шешімдер жобалары, алдын ала танысу үшін құжаттардың жобалары және т.б.);

• Директорлар кеңесінің, Комитеттердің қарауына шығарылатын құжаттарды ресімдеуді белгіленген тәртіппен уақтылы өткізу; Директорлар кеңесі атынан сұрау салуларды және хаттарға жауаптарды дайындау, Директорлар кеңесі бекіткен құжаттарды тарату;

• отырыстарды сырттай өткізуді ескере отырып, тиісті бюллетеньдер жасау, бюллетеньдерді Директорлар кеңесінің мүшелеріне дауыс беру үшін жолдау (табыстау), толтырылған бюллетеньдерді, Директорлардың жазбаша пікірлерін алу және оларды Директорлар кеңесінің төрағасына беру.

• Шығындарды оңтайландыру және Директорлар кеңесінің/Комитеттердің отырыстарына материалдардың ағылшын тіліне, сондай-ақ Директорлар кеңесінің/Комитеттердің іштей отырыстарының орыс тілінен ағылшын тіліне жүйелі/ілеспе аударылуын қамтамасыз ету.

Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында:

- Директорлар кеңесінің және Корпоративтік хатшының 2013 жылғы қызметі туралы есеп мақұлданды,

- Жылжымайтын мүлік қорының Басқармасымен бірлесіп, Жылжымайтын мүлік қорында 2014 жылға арналған Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жоспарын әзірлеу жұмыстары жүргізілді;

- Аудит жөніндегі комитеттің және Тағайындау және сыйақы комитетінің отырыстарын өткізу бойынша жұмыстар жүргізілді;

- Директорлар кеңесінің және оның қызметкерлерінің қызметіне Директорлар кеңесінің барлық мүшелерімен сауалнама жүргізу жолымен бағалау жүргізілді.

2013 жылы Корпоративтік хатшы қызметі «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ тәуелсіз директорларына сыйақы төлеу туралы» мәселені Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционердің қарауына шығарды. Нәтижесінде «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқармасының 2014 жылғы 21 ақпандағы №06/14 шешімімен Қазақстан Республикасының резиденттері - «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ-ның тәуелсіз директорларына төленетін сыйақының жаңа мөлшері белгіленді.

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа сайланған мүшелерін Қызметке енгізу саясатына сәйкес Корпоративтік хатшы қызметі Директорлар кеңесінің жаңа сайланған мүшелері Э.Хоуинк пен М.Әзірбаевты қызметке енгізу бойынша негізгі іс-шаралар жүргізді. Жылжымайтын мүлік қорының лауазымды тұлғаларымен таныстыру кездесулерін өткізді. Бекітілген тізбеге сәйкес Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және жалпы Жылжымайтын мүлік қорының қызметіне қатысты ақпарат жолданды. Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №89 хаттамасымен Директорлар кеңесінің жаңа сайланған мүшелерін Қызметке енгізу саясатын орындау туралы есеп мақұлданды.

Есепті кезең ішінде Корпоративтік хатшы қызметі «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары тобының Корпоративтік хатшылары кеңесінің және Орталық Азия Корпоративтік хатшылар клубы жұмысына да белсене қатысты.

Жалпы алғанда, есепті кезеңде Корпоративтік хатшы мен Қызметтің қызметкерлері Қордың ішкі құжаттарында көзделген міндеттер мен функциялардың кең ауқымын, соның ішінде Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ Директорлар кеңесі, Қордың Жалғыз акционері және Қордың Басқармасы арасында нақты әрі тиімді өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету бойынша міндеттерді іске асырды.

ҚОРЫТЫНДЫ

2014 жылы Директорлар кеңесі Жылжымайтын мүлік қорының Корпоративтік басқару кодексінде, жарғысында, Директорлар кеңесі туралы ережеде, сондай-ақ Директорлар кеңесінің 2014 жылға арналған жұмыс жоспарында белгіленген мақсаттарды, міндеттерді және функционалдық міндеттерді толық орындады. Директорлар кеңесінің барлығы 10 отырысы (*80-89 отырыстары*), оның ішінде 8 іштей және 2 сырттай отырысы өтті. Жылжымайтын мүлік қорының негізгі қызметі бойынша 127 мәселе қаралды, олар бойынша 214 шешім қабылданды. Аудит жөніндегі комитеттің және Тағайындау және сыйақы комитетінің сәйкесінше 6 және 8 сырттай отырысы өткізілді. Директорлар кеңесінің сырттай отырыстарын барынша азайту бойынша жұмыс жүргізілгенін атап өту жөн.

Директорлар кеңесінің есепті кезеңдегі жұмысының ең маңызды бағыттарының бірі – «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ-ның 2014- 2023 жылдарға арналған жаңа ұзақ мерзімді даму стратегиясын (бұдан әрі - Стратегия) бекіту. Стратегияны талқылау бойынша көлемді жұмыстар мен бірқатар кездесулер өткізілді.

Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 20 наурыздағы шешімімен (№80 хаттама) «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ ұзақ мерзімді даму стратегиясы бекітілді.

Директорлар кеңесі есепті кезеңде өз жұмысын Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін арттыруға, корпоративтік басқаруды жетілдіруге және корпоративтік басқару деңгейінің үздік әлем тәжірибесіне сәйкес болуына бағыттаған.

«ПрайсуотерхаусКуперс» кғомпаниясы Корпоративтік басқару жүйесіне жүргізген диагностика қорытындысы бойынша Жылжымайтын мүлік қоырының корпоративтік басқару рейтингісі 71,21% құрады. 2015 жылы Жылжымайтын мүлік қоры рейтингті 75%-ға дейін жеткізуді жоспарлап отыр.

Жалпы алғанда, Директорлар кеңесі өз жұмысында Жылжымайтын мүлік қоры алдында қойылған міндеттерге жету үшін Жалғыз акционермен және Атқарушы органмен, сонымен қатар корпоративтік қарым-қатынастың барлық мүдделі тараптарымен белсене әрекеттесті.

2015 жылы Жылжымайтын мүлік қорының Директорлар кеңесі алдында Жылжымайтын мүлік қорының жаңа Стратегиясын іске асыруды, «СҚ Девелопмент» ЖШС қызметі бойынша бірқатар мәселелерді қарауды, сондай-ақ Жалғыз акционердің «Құнды ұлғайту» және «EVA теріс абсолюттік шамасын қысқарту» сияқты ҚНК қамтитын 2015 жылға арналған болжамдарын орындауды қоса алғанда, маңызды міндеттер тұр.